

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері»
дербес білім беру ұйымы

Дүниежүзі тарихы

(қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Қорытынды аттестаттау спецификациясы

11-сынып

Нұр-Сұлтан
2022 жыл



Мазмұны

1	Бағалау мақсаты.....	3
1.1.	Оқу бағдарламасымен өзара байланысы.....	3
1.2	Критериалды бағалау жүйесімен байланысы	3
2.	Емтихан жұмысының сипаттамасы	3
2.1.	Бағалау міндеттері.....	4
2.2.	Балдарды бөлу.....	4
2.3	Емтиханды өткізу тілі	4
3.	Емтиханды өткізу үдерісін басқару	4
4.	Емтихан жұмысына балл қою және баға қою үдерісі.....	4
5.	Бағалар сипаттамасы	5
6	Тапсырмалар үлгілері және балл қою кестесі.....	5

1 Бағалау мақсаты


Білім алушылардың «Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖМББС) сәйкес анықтау.

1.1. Оқу бағдарламасымен өзара байланысы

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын қамтиды. Білім алушылардың білімі мен біліктілігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары МЖМББС-ның күтілетін нәтижелерімен анықталады.

1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы

Қорытынды аттестаттау критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады, осы жүйеге сондай-ақ қалыптастырушы және жиынтық бағалау кіреді.



2. Емтихан жұмысының сипаттамасы

Орындау уақыты	3 сағат
Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады. А бөлімі ұсынылған бес жауаптың ішінен бір дұрыс жауапты таңдауды қажет ететін 12 тапсырмадан тұрады. Әр тапсырма 1 баллмен бағаланады. В бөлімінде мазмұны жағынан кейбірлері бір-бірімен байланысты қысқа және толық жауапты қажет ететін 4-5 тапсырмалардан тұрады. Тарихи картаны (атлас) қолдануға рұқсат берілмейді .	
Максималды балл	40 балл

2.1. Бағалау міндеттері

1-БМ	Білу және түсіну Білім алушылар пән бойынша базалық білімі мен түсінігін көрсетеді.
2-БМ	Қолдану және жоғары деңгей дағдылары Білім алушылар себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді зерттейді; мемлекеттердің тарихи дамуын, тарихи тұлғалар қызметінің нәтижесі мен уәждерін саралайды; қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени процестерін зерттейді, талдайды; проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін түрлі тарихи дереккөздерді салыстыра талдау жүрізеді; бір тарихи оқиғаларға, құбылыстар мен процестерге түрлі көзқарастарды салыстыра отырып, қорытынды жасайды; түрлі таңбалы жүйеде (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) ұсынылған ақпараттарды қолданады, оқиды, зерттейді, талдайды

2.2. Балдарды бөлу

Бағалау міндеттеріне сәйкес балдарды бөлу кестеде берілген.

Бағалау міндеттері	Балл
1-БМ	12
2-БМ	28
Барлығы	40

2.3 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан оқыту тілінде тапсырылады.

3. Емтиханды өткізу үдерісін басқару

Емтихан «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидаларына сәйкес өткізіледі..

4. Емтихан жұмысына балл қою және баға қою үдерісі

Емтихан жұмысына балл қою үдерісін балл қою кестесі негізінде аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады.

Білім алушыларға қойылған балл, балдарды бағаға айналдыру шәкіліне сәйкес бағаға ауыстырылады.

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың % пайыздық мазмұны	Баға
0-15	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
16-25	40-64	3 (қанағаттанарлық)
26-33	65-84	4 (жақсы)
34-40	85-100	5 (өте жақсы)

5. Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы білім алушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде білім алушыларға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

Баға	Сипаттамасы
5	Білім алушы пән бойынша терең білімі мен түсінігін көрсетеді. Тарихи терминдерді пайдалана отырып мазмұнын анық және жүйелі жеткізеді, сонымен қатар тарихи тұлғалардың рөлін көрсетеді. Тарихи дереккөздерді дәлелдер ретінде қолдана отырып оларды бағалайды және интерпретация жасайды.
4	Білім алушы пән бойынша орташа білімі мен түсінігін көрсетеді. Тарихи терминдерді пайдалана отырып мазмұнын анық және реттілікпен жеткізеді, сонымен қатар тарихи тұлғалардың рөлін көрсетеді. Тарихи дереккөздерді дәлелдер ретінде қолдана отырып оларды бағалайды және интерпретация жасайды.
3	Білім алушы пән бойынша базалық білімі мен түсінігін көрсетеді. Тарихи терминдерді пайдалана отырып мазмұнын анық жеткізеді, сонымен қатар тарихи тұлғалардың рөлін орташа деңгейде көрсетеді. Тарихи дереккөздерді дәлелдер ретінде қолданбайды, оларға орташа деңгейде баға береді және интерпретация жасайды.
2	Білім алушының базалық білімі жеткіліксіз.

6 Тапсырмалар үлгілері және балл қою кестесі

Бұл бөлімде қорытынды аттестаттауда қолданылатын тапсырмалардың кейбір түрлері ұсынылған.

Әр тапсырманың тұсына тік жақшада [] оған ұсынылатын балл көрсетіледі.

Басшылыққа алу үшін балл қою кестесі ұсынылады. Онда әр сұрақ немесе тапсырмаға берілетін балл саны көрсетіледі.

А бөлімі

Әр сұраққа А, В, С, D, Е бес жауап нұсқалары беріледі. Дұрыс деп санаған бір нұсқаны таңдаңыз.

1. Постиндустриализмнің негізін қалаушы Д..Беллдің пікіріне сәйкес постиндустриалды қоғамның негізгі бір белгісін анықтаңыз.

А) адамның табиғат күштеріне тәуелділігі
В) халықтың 50%-дан астамы өнеркәсіптік кәсіпорындарда жұмыс жасауы
С) капиталға сүйенбеген бастапқыны құрайтын теориялық білім
D) дәстүрлі құндылықтардың үстемдігі және патриархалды өмір салты
Е) фабрикалық негіздегі өндірісті қайта ұйымдастыру
[1]

2. Ежелгі Египеттегі бальзамдау дәстүрін жүргізу қандай ғылымдардың дамуына әкелгенін көрсетіңіз.

А) Философия мен теология
В) Медицина мен химия
С) Тарих пен құқықтану
D) География мен астрономия
Е) Математика мен физика
[1]

3. Орта ғасырлардағы моңғол шапқыншылығының бір себебін анықтаңыз.

А) Моңғолдардың діни наным-сенімінің таралуы
В) Жайылымдық жерлерді кеңейту қажеттілігі
С) Орталық Азиядағы үстемдік үшін Қытаймен бәсекелестік
D) Христиан дінінің таралуына бөгет жасауға ұмтылу
Е) Демографиялық мәселелер (халық санының артуы)
[1]

4. 1933-1945 жылдардағы Германия өкіметінің тоталитарлық террорлық әдістеріне тән келетін гитлерлік режимнің идеологиясы мен тәжірибесі қалай аталатынын анықтаңыз.

А) Сионизм
В) Нацизм
С) Сегрегация
D) Фундаментализм
Е) Апартеид
[1]

5. Шығыс Еуропа елдеріндегі тоталитарлықтан демократиялық режимге ауысуын тарихта қалай аталғанын анықтаңыз.

А) «Қызғылт сары революция»
В) «Жасыл революция»
С) «Барқыт революциясы»
D) «Қызыл қалампыр революциясы»

Е) «Мәдени революция»

[1]

6. 1917 жылғы Қазан төңкерісінің әлеуметтік-экономикалық алғышартын анықтаңыз.

- А) Ресейдің бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы
- В) Аграрлық мәселелердің шешілмеуі
- С) II Бүкілресейлік Кеңесі съезінің «Бейбітшілік туралы» декретінің қабылдануы
- Д) Большевиктердің үгіт-насихат саясат жұмысы
- Е) Уақытша үкімет беделінің төмендеуі

[1]

7. Жоғары технологиялар, компьютер жаңалықтары, техникалық жетістіктер дәуірінің бір көрінісі болып табылатын стильді анықтаңыз.

- А) Сюрреализм
- В) Реализм
- С) Импрессионизм
- Д) Хай-тек
- Е) Неоклассицизм

[1]

8. КСРО-ның жоспарлы (социалистік) экономикасына тән белгіні анықтаңыз.

- А) Өндіріс құралдарына мемлекеттік меншік
- В) Еркін бәсекелестік
- С) Тауар өндірушілерінің өндіріс тиімділігін арттыруға қызығушылық танытуы
- Д) Өндіріс құралдарына жеке меншік
- Е) Өндіріске ғылыми-техникалық жетістіктерді жедел енгізу

[1]

9. «Шекарасыз репортерлер» халықаралық үкіметтік емес ұйымның мақсатын анықтаңыз.

- А) Саяси қуғындарды құтқару жолындағы күрес
- В) Қарулы қақтығыстардың құрбандарына көмек
- С) Қатыгездікке, қорлаушылыққа және кемсітуге қарсы күрес
- Д) Бұқаралық ақпарат құралдарындағы цензураға қарсы күрес
- Е) Гендерлік тепе-теңдік үшін күрес

[1]

10. Апартеидке қарсы күресті кім басқарғанын анықтаңыз.

- А) Дэн Сяопин
- В) Мухаммад Джина
- С) Нельсон Мандела
- Д) Махатма Ганди
- Е) Франклин Рузвельт

[1]

11. Құқықтық мемлекет қағидаттарының қалыптасуына әсер еткен тарихи оқиғаны анықтаңыз.

- A) Жүз жылдық соғыс
- B) Ұлы географиялық ашылулар
- C) Реформация
- D) Ұлы Француз революциясы
- E) Бірінші дүниежүзілік соғыс

[1]

12. Ежелгі мысырлықтардың, ассириялықтардың, еврейлердің және финикиялықтардың тілдері қандай тілдік отбасыға жататынын анықтаңыз.

- A) Алтайлық
- B) Афразиялық
- C) Үндіеуропалық
- D) Оралдық
- E) Сино-тибеттік

[1]

В бөлімі

1. Германия, Ұлыбритания, Франция тұрғысынан аумақтық мәселенің шешіміне баға беріңіз және жауабыңызды дәлелдеңіз. Ол үшін картаны қолданыңыз.



Германияның ұстанымы:

..... [2]

Ұлыбританияның ұстанымы:

..... [2]

Францияның ұстанымы:

..... [2]

2. Үндістанның ұлт-азаттық қозғалысының жетекшісі Махатма Ганди туралы цитаталармен танысып, келесі сұрақтарға жауап беріңіз.

«Мен Гандидің көзқарастары біздің замандастарымыздың барлық саясаткерлерінен аса белгілісі деп санаймын. Біз осы бағытта іс-әрекеттер жасауға тырысуымыз керек: біз де өз құқықтарымыз үшін күресте зорлық-зомбылықты қолданбауымыз керек. Біз келешектегі ұрпақтар үшін бағдар көрсететін осындай замандасымызды сыйлаған тағдырымызға ризашылық білдіреуіміз шарт».

Физик-теоретик Альберт Эйнштейн

«Бір көргенде қысқа бойлы, беті арықша келген басында ақ түсті сәлдесі бар тұлғаны көресің. Жалаң аяқты, ақ түсті матаға оранып кінген. Ол күрішпен, жемістермен ғана азықтанып, таза ауыз су ішіп, еденде ұйықтаған. Аз ұйықтап, тынымсыз еңбек еткен. Ең алғаш көрген кезде оның бойынан шыдамдылық пен еліне, жеріне деген кіршіксіз махаббатын сезінесің. Өте ұстамды. Өз қарсыластырымен қарым-қатынаста да мейірімді және мінсіз шынайы. Өзі туралы айтқанда мейлінше қарапайымды. Ешқашан өзінің қателескенін жасырмайды, ымыраға да түспейді, шешендікке де салынбайды, тіпті оны ойламайды да».

Жазушы Ромен Роллан

- 1) Нобель сыйлығының лауреаты Р. Тагор Мохандас Махатма Гандиді - «Ұлы тұлға» деп атауының кем дегенде үш себебін жазыңыз.

[3]

- 2) Берілген цитаталарда Махатма Гандидің қандай адамгершілік қасиеттері туралы айтылған? Кем дегенде оның үш қасиетін көрсетіңіз.

[3]

3. Дереккөздерді қарап, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз.



1-сурет



2-сурет

«Көлеңке жақында жеңіске жеткен алаңдарға түсті. Балтықтағы Штеттиннен Адриатикадағы Триестаға дейінгі аралыққа темір шымылдық түсті. Варшава, Берлин, Прага, Вена, Будапешт, Белград, Бухарест, София - барлық осы атақты қалалар мен олардың айналасындағы халық Мәскеудің күшейе түскен бақылауына бағынады».

Ұлыбританияның Премьер министрі У. Черчилль

- 1) Екі карикатураның атауын ойластырыңыз.

..... [2]

2) Тарихи тұлғаның айтқан сөзіндегі мән-мазмұнды анықтаңыз.

..... [1]

3) КСРО мен АҚШ-тың басшылығындағы екі әскери-саяси блок арасындағы әлемдік қақтығыстардың кем дегенде үш белгісін жазыңыз.

..... [3]

4. Мәтінді оқыңыз және кестені толтырыңыз. Жаһанданудың жағымды және жағымсыз салдарын анықтаңыз.

Жаһандануға қарсы болған мемлекеттер неден қауіптенеді? Жаһанданудың мінсіз нұсқасы кедейлікті жою, дүниежүзілік тәртіп орнату, мәңгілік бейбітшілік пен материалды жағынан әл-ауқаттылықты арттыру болып табылады. Жоғарыда көрсетілген игіліктерден адамзатты, ұлттар мен мемлекеттерді бас тартуға қандай күштер мәжбүрледі?

Мұның себебі, ұлттық мәдениет өкілдері экономикалық, саяси, құқықтық және технологиялық стандарттаудан кейінгі жанама әсерлер ең алдымен, олардың дәстүрлерінің, мәдениетінің және өмір салтының өзгеруін талап етеді. Жаһандану әлем экосистеміне айтарлықтай әсер орын алды. Қазіргі таңда табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі қақтығыстарды болдырмау мүмкін болмай тұр. Сыртқы әлемнің өзі көптеген өзгерістерге ұшырауда. Орман ағаштарының жаппай кесілуі, теңіздер мен мұхиттың ластануы, жердегі пайдалы қазбалардың тиімсіз пайдалану сияқты проблемалар әртүрлі жанжалдарды өршітуге әкелуде. Аталған өзгерістер адамзатқа және біздің планетаға кері ықпалын тигізетіні анық.

А.Э. Кулиджанишвилидің «Жаһандану мен ұлттық мәдениет» атты мақаласынан үзінді, 2014

Жағымды салдары	Жағымсыз салдары
1.	1.
2.	2.
3.	3.

[6]

5 Жеті құндылықтың төртеуін мысал ретінде пайдалана отырып, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының өзектілігін дәлелдеңіз.

- 1)
- 2)
- 3)
- 4) [4]

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша нұсқаулар
А бөлімі			
1	С	1	
2	В	1	
3	В	1	
4	В	1	
5	С	1	
6	В	1	
7	D	1	
8	A	1	
9	D	1	
10	С	1	
11	D	1	
12	В	1	
В бөлімі			
1.	<i>Германияның ұстанымы:</i> Германия Версаль шартындағы территориалды сұрақтар бойынша шешіммен келіскісі келмеді. Германия батысында Францияға Эльзас пен Лотарингияны қайтарды. Бельгия Эйпен пен Мальмедті алды; Заар өндірістік аумағы Ұлттар Лигасына 15 жылға басқаруға ауысты; Солтүстік Шлезвиг Данияға өтті. Рейнск облысынан Германия өз әскерін шығаруға мәжбүр болды. Шығысында Германия Батыс Пруссия мен Силезияны Польшаға берді. Сонымен бірге, Чехословакия Германиядан Глучинск облысын алса, Гданьск Ұлттар Лигасының қамқорлығына өтіп, еркін қалаға айналды. Балтық теңізінің бойындағы Шығыс Пруссияның кішкентай бөлігі Мемель Литваға өтті. <i>Ұлыбританияның ұстанымы:</i> Германия отарлары мандатты аумақтар деп аталатын мәртебеге ие болды, бірақ іс жүзінде олар Еуропа, Австралия, Жапония және Оңтүстік Африка елдері арасында бөлінді. Англия өз қарсыласының әлсіреуі нәтижесінде ең үлкен отарлық иеліктерге ие болған елдердің бірі болды. <i>Францияның ұстанымы:</i> Франция Версаль шартындағы территориалды сұрақтар бойынша шешіммен қанағаттанды. Ол өзіне Германия жаулап	6	

	алған (Эльзас пен Лотарингияны) қайтарды. Сонымен бірге Саар көмір шахталары Францияның толық меншігіне өтті. Франция ең үлкен отарлық иеліктерге ие болған екінші ел болды.		
2	М.Ганди тәуелсіздік үшін күресуде зорлық-зомбылықсыз күрес жүргізудің қадамын нақты дайындап, насихаттау жұмыстарын белсенді түрде жүргізді. Мысалы, 1930 жылы колониалды тұз монополиясына қарсы азаматтық бағынбау (сатьяграхта) кампаниясы аясында «тұз жорығын» басқарған болатын. Ол адамзат тарихындағы ең танымал гуманист болып табылады. Сонымен қатар Ганди үнділік каста өкілдері арасындағы кемсітуді заң негізінде жоюға күш жұмсағаны белгілі. М.Ганди олармен тең болу мақсатында үшінші кастаға арналған поездда саяхаттай отыра, өзі оларға үлгі болды. Сонымен қатар М.Ганди Үндістанның екі мемлекетке бөлінуіне қарсы болды; мұсылмандық және индуисттік.	3	Білім алушы М.Гандидің кез-келген үш адами қасиетін дәйек ретінде келтіруі мүмкін
	Қарапайымдылық, аскеттік, шыдамдылық, шынайылық, еңбекқорлық, мейірімділік.	3	
	1) 1-суретте «Қырғи-қабақ соғыс», 2-суретте «Кариб дағдарысы»	2	
	У. Черчилльдің Фултонда «қырғи қабақ соғысына» қатысты сөйлеген сөзі осы соғыстың басталуына түрткі болды.	1	
3	• Әлемнің екі жүйеге бөлінуі; • Әлемнің барлық аймақтарындағы екі держава арасындағы бәсекелестік (жергілікті қақтығыстар); • Әскери күштердегі бақталастықтар (саяси милитаризм); • Ядролық қаруды қолдану қаупі (Кариб дағдарысы); • Саяси-әскери блоктардың пайда болуы (НАТО 1946, ВШҰ 1955).	3	Білім алушы «қырғи-қабақ» соғыстың кез келген 3 белгісін келтіре алады.
	Жағымды салдары	Жағымсыз салдары	
4	Озық технологиялар транспорттық, телекоммуникациялық шығындарды азайтады, нәтижесінде өнімнің өзіндік құны да азаяды. Бұл отандық нарықтардың жаһандық бірігуін жеңілдетеді	Жаһандану процестерінің дамуы ХВҚ, ДСҰ және Дүниежүзілік Банктің кедей елдердің қарыз ауыртпалығын бекітуіне әкеледі	6
	жаһандану көптеген шектеулерді азайтады,	Экологтардың пікірі бойынша қазіргі әлемдік	Баламалы жауаптардың нұсқалары қабылданады. Жауаптардың дұрыстығы бағаланады.

	соның ішінде еңбек пен капиталдың шекарадан өтуіне мүмкіндік береді;	экономика қоршаған ортаға келетін зиянды өтеуге негізделмеген деп санайды.		
	Жаһандану өндірісті ынталандыратын халықаралық бәсекелестікті тудырды. Ол неғұрлым қатаң болса, соғұрлым өнім деңгейі жоғары болады.	Жаһандану ұлттық мәдениеттің бірегейлігіне, ұлттық ерекшеліктер мен мәдени құндылықтардың жойылуына алып келеді.		
5	Жаһандану дәуірінде ұлттық сана-сезімді, қазақстандық бірегейлік пен патриотизмді қалыптастыру басты назарда болды. Жастардың ата-бабадан қалған рухани құндылықтардың маңыздылығын сезінуі және Қазақстанның қазіргі заманғы, озық және экономикалық дамыған мемлекет ретінде қалыптасуына өз үлесін қосуға ұмтылысы маңызды. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы бойынша төрт мысалды келтіруге болады: 1. <u>Ортақ тарих, мәдениет және тіл</u> Өз елінің тарихын, оның өткенін білмеу бұл ұрпақтар арасындағы байланыстың үзілуіне алып келіп, ұлттың дамуына кері әсерін тигізеді. 2. <u>Зайырлы қоғам және асқақ рух.</u> Жастар арасындағы әртүрлі діндердің таралуы; қылмыстың көбеюі, ішімдікке салыну мен нашакорлықтың артуы; 3. <u>Еліміздің ұлттық қауіпсіздігі, бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы</u> Жастар арасында Отанды қорғауға деген дайындықтың болмауынан физикалық тұрғыдан дайындық деңгейінің төмендеуіне алып келетіндігін көруге болады. Сонымен қатар, жастар арасында шетелге кетуге, шетелде табысты мансап құру үшін мемлекет есебінен алынған білімді пайдалануға деген ұмтылыс жиі кездеседі. 4. <u>Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.</u> Елдің барлық табыстары мен жетістіктері - барша қазақстандықтардың күн сайынғы қажырлы еңбегінің нәтижесі. Біз елдің әрбір азаматының жасампаздық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдай жасай отырып, еңбексүйгіштік және жауапкершілік, Еңбек Адамына құрмет сынды құндылықтарымызды нығайтамыз		4	Баламалы жауаптардың нұсқалары қабылданады. Жауаптардың дұрыстығы бағаланады.